

С. Самархан

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс

PhD докторанты

Алматы, Қазақстан

Sanakjan_87@mail.ru

ПЕРИФРАЗАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі перифраза құбылысы қарастырылады. Перифразалардың зерттелуі, атап айтқанда, қазіргі қазақ тіл біліміндегі перифразға қатысты жарық көрген мақалалар мен зерттеу еңбектері талданды.

Қазақ тілі құнарлы да бай болғанымен, қазіргі қоғам мүшелері өз ойларын ықшамдап жеткізу үшін перифраз ұғымын қолданып жатады. Сол себепті күнделікті қолданыста ана тіліміздің көркемдік жағын таныту үшін тілдік оралымдарды астарлы мағынада қолданылатын перифраздарды қолданған жөн.

Тірек сөздер: перифраза, перифраза құбылысы, ауыспалы мағына, көркемдегіш құрал, теңеу, зерттеу әдісі.

PERIPHRASE IN KAZAKH LANGUAGE EDUCATION

Данный статья исследует явление перифразы в рамках казахской лингвистики, сосредотачиваясь на анализе соответствующих исследований, включая опубликованные статьи и научные работы по современной казахской лингвистике.

Несмотря на лингвистическое богатство казахского языка, современные люди часто используют перифразу для краткой коммуникации. Для продвижения художественного измерения родного языка в повседневном дискурсе рекомендуется использовать перифразу с лингвистическим акцентом.

Ключевые слова: перифраз, явление перифразы, переменное значение, художественный инструмент, уречение, метод исследования.

PERIPHRASE IN KAZAKH LANGUAGE EDUCATION

This article explores the phenomenon of periphrasis within the framework of Kazakh linguistics, focusing on an analysis of pertinent studies, including published articles and research papers in modern Kazakh linguistics.

Despite the linguistic richness of the Kazakh language, contemporary individuals often utilize periphrasis to communicate concisely. To promote the

artistic dimension of the native language in everyday discourse, employing periphrasis with linguistic emphasis is recommended.

Keywords: periphrase, periphrase phenomenon, variable value, artistic instrument, equation, research method.

Қазақ тілі ұлт болмысын танытатын бейнелі тіркестерге бай. Ұлттың ментальдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі көркем сөздерге жүгінген жөн. Халықпен бірге жасап келе жатқан эмоциялық мазмұны жоғары образды тіркестердің өміршендігін оның қолданыстарынан байқауға болады. Осындай образды көркем сөздердің қатарына перифразаларды да енгізуімізге әбден болады. Бірақ перифразалар жазба әдеби тілдің қатталған беттерінде қалып бара жатыр, ал бүгінгі ұрпақтың ауызекі сөйлеу тілінен жиі ұшырату қиын. Қазақ халқының ойы терең, тілі шұрайлы болғанымен, қазіргі уақытта оның жұтанданып бара жатқанын байқауға болады. Ал жастар тілі шұбалаңқы тартып, қысқа қайырылатын сөздер мен сөз тіркестеріне жақын екендігі жасырын емес. Өмір ағыны, дәуір екпінінің әсерінен асығыс, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік азайып келеді. «Сөзі мірдің оғындай», «тілге жүйрік», «тілінің майын тамызып», «өткір тілді» шешен сөйлейтін ұрпақтың азайып бара жатқандығы тек білім саласы мамандарын ғана емес, қоғамның да алаңдаушылығын тудыруда. Дегенмен, жас буын келер ғасырда өзінің ана тілінің түп төркінін іздейтіні анық. Рухани құндылық – қашанда сол ұлттың төлқұжаты.

Көркем әдебиетте тіл ерекше экспрессивтік-эстетикалық қызмет атқарады. Адамның сезіміне әсер ету үшін көркем шығармада көбінесе сөздер тура мағынада емес, ауыспалы мағынада, астарлы түрде беріледі. Сондықтан көркем әдебиет тілі – бейнелі, мәнерлі тіл, түрлі бояулы, сезімге әсер ететін көркем тіл болып табылады. Тілдегі көркемдегіш құралдар – теңеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, гипербола, эвфемизм - бәрі де көркем суреттің, образды жасаудың, жазушының, ақынның шеберлігінің көрсеткіші.

Қазақ тіл білімінде осы көркемдеуіш құралдар әлі де зерттелуде. Зерттеудің нысанына көп іліге бермейтін, арнайы зерттеуді қажет ететін көркемдеуіш құралдың бірі - перифразалар. Аз да болса да көзге іліккен зерттеу нәтижелерінен байқағанымыз, перифраз құбылысының лингвистиканың қай саласына жататынының ара жігі ашылмағандығы анық білінеді. Қайсыбір зерттеулерде мұны фразеологияның объектісі деп қараса, екінші біреулер синтаксиске телігісі келеді.

Қазақ тіл білімінде перифраз стилистика және фразеология тұрығысынан да зерттеліп жүр. Әлемдік тіл білімі тарихына жүгінсек, оның антик заманнан бері қарастырылғанына куә боламыз. Перифраз - «укращение речи», яғни "сөзді әрлеу" деген мағынаны білдіретін грек сөзі.

Атап айтқанда, ол тілдің айқындылығы, анықтылығы, дәлдігі, ықшамдылығы, әсерлілігі секілді қасиеттерін әңгімелейтін лексикалық қабат.

Перифраза – бір ойды көптеген тәсілмен жеткізетін стилистикалық тәсіл. П. заттың сапасы, белгісі, қызметі бірінші қатарда көрсетіледі. П. негізгі мақсаты мәтіннің әсерлілігін, мәнерлілігін арттыру. П. негізінен көркем әдебиетте, публицистикада, ауызекі сөйлеуде кездеседі. Функционалды аспектіде П. екіге бөлінеді: 1) Қайталанбалы бірліктер: жалпыға түсінікті оралымдар мен фразеологиялық және қанатты сөздер; 2) Ситуациялық жеке авторлық П., оның мағынасы нақты контекст арқылы негізделеді. Көптеген П. троптың негізінде құралады. П. грамматикалық құрылымы әр түрлі болады (**Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А. Салқынбай, Е.Абақан, 1998**). Перифраз мәтіннің идеялық – эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді. *Мысалы, орман патшасы (арыстан дегеннің орнына), дала кемесі (комбайн), қара алтын (көмір) пәниден бақи кетті (өмірден өтті), т.б.*

Қазақ тіл біліміндегі перифраза құбылысын зерделеу барысында теориялық және практикалық зерттеу әдістері қолданылды. Филолог ғалымдардың еңбектері негізінде перифраза құбылысының табиғатын танып, ерекшелігін анықтауда ретроспективті талдау жүргізілді. Қазақ тіл білімі ғылымында перифразды зерттеу ХХ ғасырдың соңғы жылдарында қолға алына бастағанымен, ұлттың болмысы, тарихы, мәдениеті мен тұрмысының айнасы ретінде ықылым заманнан қолданыс тауып келе жатқан тілдік бірлік. Сонымен қатар ұлттың құндылықтарын ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге тасымалдаушы мұра болып табылады. Ғалымдардың перифразаларды бірде публицистикалық стиль, бірде көркем әдебиет стилінің аясында қарастыруының өзі оның қолданылу өрісінің кеңдігін көрсетеді. Қазіргі уақытта лингвистикалық және әдебиеттануға арналған еңбектерде перифраз ұғымына көптеген анықтамалар беріліп, әр қырынан сипатталады. Олардың көпшілігінде қайталау басым және бірізділік байқала бермейді. Мақаланың "Әдебиеттерге шолу" бөлімінде 60-жылдардан бастап бүгінге дейінгі ғалымдардың берген анықтамалары салыстырмалы түрде қарастырылып, зерттеулер негізінде тұжырым жасалды.

Перифраздар қазақ тіл білімінде 90-шы жылдардан кейін ғана қарастырыла бастады. Перифраз мәселесіне қызығушылар көп болғанымен, оны түбегейлі зерттеп, түйінді пікір айтқандар шамалы. Тіпті мұның өзін дәйекті саралап, талдап беретін салиқалы еңбек те шамалы. Соның ішінде қазақ тілінде перифраздың түрлі функционалдық стильдерде – көркем әдебиетте, публицистикада, шешендердің сөз саптауында қолданылып жүргеніне көз жеткізуге болады.

Перифраза - ерекше сөз тіркесі. Ол сөздің жай ғана эквиваленті емес, ол сөздің семантикасына бір жаңалық енгізе келе, затқа, құбылысқа қосымша түр, көрініс береді.

Белгілі бір жазушының тілін зерттей отыра, перифразға жанамалай тоқталып кеткен тілшілеріміз аз емес. Мәселен, қазақ тіліндегі теңдеулердің пайда болуы мен қолдану ерекшеліктерін зерттеген профессор Т. Қоңыров

Сәкен Сейфуллин тілін зерттегенде перифразды бейнелі синонимдер деп, оған мынандай анықтама бере кетеді: «перифраз дегеніміз – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау әрі соның негізінде бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау» **(Т. Қоңыров, 1966)** десе, Қ. Мұхамеджанов «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің ауыс мағынасы» деген диссертациясында перифразды сөздердің ауыс мағынасына жатқызып, заттың, құбылыстың, процестің атауын оның өзіне тән белгілерінен басқа астарлы мағынада суреттеу әдісі» - дейді **(Қ. Мұхамеджанов, 1968)**. К.Шәменов перифразды емеурін деп алып, оны символ, аллегориямен ұштастырады да, оны көбінесе сатиралық сипатта болады деп түйеді **(К.Шәменов, 1959)**. Қазақ тіл білімінде осы ойды айтқан академик З.Қабдолов «перифраз – қайталаудың бір түрі» яғни «қайта айтып беру» дейді **(З.Қабдолов, 1970)**. Профессор Ә.Болғанбаев өзінің «Синонимдер сөздігінде» жазған кіріспе сөзінде перифраздар синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі деп көрсетіп, жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру деп анықтама береді **(Б.Болғанбаев, 1962)**.

Қазақ тіл білімінде кездесетін зерттеулердің бірі ретінде 1996 жылғы Г.Үсенбаеваның кандидаттық диссертациясын атауға болады. Г. Үсенбаева «Перифраздың тілдік табиғаты» (1996) атты диссертациясында перифраздың тілдік табиғатын ашуға ұмтылып, метафоралық, метонимиялық синекдохалық, эвфемистік, синонимдік, есімді және етістікті деп бөліп, оларды жіктеп, перифраздың жасалу жолдары мен тәсіліне тоқталған. Зерттеуге қарағанда перифраз негізінен нәрсенің сипаттамалы түрдегі нұсқасы, мұның ерекшелігі сипаттаманы бейнелі, образды, басқаша қолданысынан туған троп және фигура түрлері деп көрсетеді. Сонымен қатар автор фразеология объектісі ретінде қарастырып, оның құрылымдық-семантикалық типтерін көрсетуге тырысады **(Г.Үсенбаева, 1996)**.

Перифраздың көркемдік жағын талдаған еңбек Г.Амандықованың «Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар» (1999) атты кандидаттық диссертациясы. Бұл еңбекте 1960-1990 жылдар арасындағы ақындардың өлеңдерін басты нысанға ала отырып, шабыт иелерінің перифраздарына талдау жасағанын көруге болады **(Г. Амандықова, 1999)**.

Қазақ тіл білімінде перифраз мәселесіне кеңірек тоқталған академик Р. Сыздық көріктеу құралдарының ішінде көп айтылмайтыны перифраз деп, оның себебі біртектес троптық категорияларды бір-бірінен дәл ажыратушылықтың жоқтығынан деп көрсетеді. Өзінің «Абай шығармаларының тілі» деген еңбегінде перифраздарға талдау жасай келе, ұлы ақынның тіліндегі перифразды қолданумен қатар (өмірді «бұлдыр заман» деуі: «қайта айналмас, жаңғырған бұлдыр заман», «сұм жалған», «қайран дәурен» деуі: Бір қызық ісім екен сұм жалғанда, қалжыңдасып өткізген қайран дәурен), перифрастикалық тіркестердің небір ойға келмейтін түрлерін жасайтынын сөз етеді. Мысалы: «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім» деп, Абай өзі өскен ортаны, өзін қоршаған сол кездегі әлеуметтік, қоғамдық ой-пікірді айтып отырса, әбден қажыған кезін, өзінің бір жабырқау күйін ақынның «сұрғылт тартқан бейуак» деп беруі тіпті әсерлі бейнелеу деп

таниды. Академик Р.Сыздық, сонымен бірге Абайдың жаңаша жасалған перифраздарына Пушкин мен Лермонтовтың әсері байқалатынын дәлелдейді. Шынында, Абай тіліндегі перифраздар өзіндік қайталанбас ерекшелігімен көзге түсіп тұрған, бейнелі, көркем, жаңашыл – өте шебер жасалған және қисынымен қолдауын тапқан тіркестер. Олардың эстетикалық құндылығы «құбылыстың, заттың, айрықша белгісін ерекшелеп, айқындап, оны сипаттап көрсету» деп, Р.Сыздықова перифразға анықтама береді **(Р.Сыздық, 1968)**.

Лексиколог ғалым Ғ. Қалиев перифраза ұғымына төмендегідей анықтама береді:

Парафраз, парафраза (грек. Paraphrasis сипаттау, сипаттама, оралым) –

1) сөздің сөз тізбегінің мәнін басқаша түсіндіріп жеткізу (мәтінде *мен* деудің орнына *осы жолдардың авторы* делінуі):

2) жай сөздің орнына оның ауыс мағынасын білдіретін сөздердің қолданылуы. Мыс: *арыстан - аң патшасы, жылан - аты жаман, ұры – қолы жылдам* **(Ғ. Қалиев, 2005:245)**.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» атты еңбегінде перифразды қайсыбір ізденушілер фразеологияның объектісі деп қараса, екінші біреулер синтаксиске телігісі келеді. Кейде перифраз троптың және поэтикалық фигураның бір түрі деп те қарастырылап жүр. Ғалым «Перифраз – сөздерді бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Негізінде сөздерді перифраздық ыңғайда қолдану бір нәрсенің, я құбылыстың атауын, оның өзіне сүйене отырып, басқа астарлы мағынада суреттеу» дей келе, аталмыш құбылыстың қолданыс аясы аса кең екендігіне назар аударады. Перифразды фразеологияның қомақты бір саласына жатқызған академик Ө.Айтбайұлы оған қатысты жүргізген көлемді зерттеуінің соңында мынандай тұжырым жасайды: «*Перифраз дегеніміз – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде олардың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, оларды бейнелі түрде сипаттау, анықтау*. Демек, перифраздың ең негізгі белгісі – олардың келтірінді мағынада болатыны. Бұл жағынан ол троптарға ұқсайды, ұқсап қана қоймай, олармен ұштасып, ұласып байланысып жатады. Осыдан келіп, саф таза перифраздың жоқ екеніне көзіміз жетті. Оны үнемі өзімен іргелес, мәндес тілдік факторлармен байланысты қарау керек екен деп түйдік. Перифраздың өзіне тән табиғаты сонда ғана айқындалмақ» **(Ө. Айтбайұлы, 2013:262)**.

Перифразаға қатысты қазіргі таңда қызықты пікірлер мен тұжырымдар қазақ тіл білімінде орта буын зерттеушілер К.Күркебаев перифраз лексемалардың номинативтік сипатына мақала арнаса **(К.Күркебаев, 2018)**.

Ж. Есімова қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі перифраз атаулардың лингвистикалық табиғаты мен жұмсалымдық ерекшеліктеріне тоқталған **(Ж. Есімова, 2015)**.

Қ.Ө.Есенова мен К.С. Кобландина қазіргі медиа-мәтіндегі перифразалардың прагматикалық ерекшеліктерін көрсеткен **(Қ.Есенова, Қ. Кобландина, 2023)**.

Жалпы тіл білімінде осы бағытта жүргізілген зерттеу жұмыстарының біршама екендігіне қарамастан, перифраздың әлі күнге дейін зерттеле қоймаған тұстары бар.

Ал перифраздарды зерттеу барысында бұл мәселенің түркологияда мүлде аз қарастырылғанын, қазақ тілінде арнайы монографиялық еңбектердің тіпті жоқ екенін аңғардық. Бірақ арнайы зерттеу болмағанымен, бірен-саран ғалымдарымыз белгілі бір жазушының тілін зерттегенде перифраза жанамаламай болса да тоқталып отырған. Біраз ғалымдардың перифраза құбылысы туралы айтқан тұжырымдарын саралауға тырыстық. Сонымен қатар, тілші-ғалымдардың еңбектеріне, энциклопедия мен сөздіктерге сүйене отырып, анықтама беруге болатынын байқадық.

Құрылымы жағына қарасақ перифразалар фразеологиялық тіркестерге жақындау. Семантикасы жағынан троптармен ұштасып жатады. Сонымен қатар, перифраздың көбінесе екі не одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалатыны, олардың мағынасы міндетті түрде келтірінді болатындығы анық көрінді. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, анықтама берілді. Перифраз дегеніміз – затты, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде сол заттың, процестің, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау. Перифраз көркем тілдің табиғатын тани түсуге, дәстүр мен жаңашылдықтың қатынасын, автордың көркемдік әлемін, жоғары көркем сөз мәдениетінің күрделі дамуын түсінуге көмектесетін тілдік бірлік.

Әдебиеттер

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.
2. Қоңыров Т. Сәкен Сейфуллин поэзиясындағы сөз бейнелеу тәсілдері. Канд. дисс. – Алматы, 1966.
3. Қ. Мұхамеджанов. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің ауыс мағынасы. – Канд. дисс. -Алматы, 1968.
4. Шәменов К.С. С. Торайғыровтың лирикалық шығармалары. Канд. дисс. – Алматы, 1959.
5. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. (ЖОО. Арналған оқу құралы) – Алматы, Мектеп, 1970
6. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1962
7. Г. Үсенбаева. Перифраздың тілдік табиғаты. Канд. диссер. – Алматы, 1995.
8. Г. Амандықова. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар. Канд. диссер. – Алматы, 1999, ҚДА
9. Р. Сыздық. Абай шығармаларының тілі. Алматы: Жазушы, 1968.
10. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. -440б
11. Айтбайұлы Ә. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 400б.

12. Күркебаев К. Қазіргі қазақ тіліндегі перифраз лексемалардың номинативтік сипаты. ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №1 (169). 2018. 115-119 бб.

13. Есімова Ж. БАҚ тіліндегі перифраз атаулардың тілдік табиғаты мен қолданысы. ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №2. 2015. 85-88бб.

14. Есенова Қ.Ө, Кобландина К.С. Қазіргі медиа-мәтіндегі перифразалардың прагмалингвистикалық ерекшеліктері. ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №1 (189). 2023. 69-79 бб.